

Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2015 жылғы 25 маусымдағы № 221 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 476 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 шілдеде № 11770 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 173 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 308 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 20.06.2016 № 173 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.07.2016 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің интернет-ресурстарында орналастыруды;

4) осы тармақта көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді осы іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан

Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне
ұ с ы н у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. «Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтауына жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 70 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 01-04-03/27НҚ бірлескен бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8440 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2013 жылғы 19 маусымдағы № 151 (28090) және «Казахстанская правда» 2013 жылғы 19 маусымдағы № 207-208 (27481-27482) газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт	Ұлттық экономика министрінің
министрінің міндетін атқарушы	міндетін атқарушы
М. Азильханов	М. Құсайынов

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің төрағасы
С. Айтпаева

2015 ЖЫЛҒЫ 30 маусым

Қазақстан Республикасы						
Мәдениет және спорт					министрінің	
2015 жылғы	25	маусымдағы	№	221	және	
Қазақстан Республикасы						
Ұлттық экономика					министрінің	
2015 жылғы	30	маусымдағы	№			476
бірлескен бұйрығына қосымша						
Нысан						

**Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде
Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақтаудың
тексеру парағы**

деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде
Қазақстан Республикасы тіл туралы заңнамасын сақталуына мемлекеттік
бақылау саласында
(«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау
туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151
Заңына қосымшаға сәйкес)

_____ қатысты
(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексерулерді тағайындау туралы акт _____
(№ , күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (Жеке сәйкестендіру нөмірі)
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасу орны _____

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	меншік нысанына қарамастан мөрлер мен мөртабандарының мәтіндері мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы				
2	бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, преysкуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпараттардың мәтіндері мемлекеттік және орыс тілдерінде (қажет болған жағдайда басқа тілдерде де) жазылуы				
3	көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады (қажет болған жағдайда басқа тілдерде де)				

Лауазымдық тұлға (тұлғалар) _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар

болған жағдайда)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің жетекшісі _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК